5) жұмыс берушімен жұмысты үйінде (үйде жұмыс істейтін жұмысшылар) жеке еңбегімен орындау туралы еңбек шартын жасағандар.

Жұмыс берушімен жұмысты өз материалдарымен және өзіндік немесе жұмыс беруші бөліп беретін не жұмыс беруші қаражаты есебінен сатып алынатын жабдықтарды, құрал-саймандар мен құрылғыларды пайдаланып, үйде жеке еңбегімен орындау туралы еңбек шартын жасасқан адамдар үйде жұмыс істейтін жұмысшылар деп есептеледі.

Үйде жұмыс істейтін жұмысшылардың тізімдік санында әрбір күнтізбелік күн бүтін бірлік ретінде есептеледі;

6) ұйымнан тыс жерлерде уақытша жұмыс істейтіндер (жүктелім бойынша), егер олар жалақыны осы ұйымнан алатын болса;

7) басқа ұйымдардан жұмысқа уақытша тартылғандар, егер олардың жалақысы негізгі жұмыс орны бойынша сақталмайтын болса;

8) жұмысты вахталық әдіспен орындау үшін жіберілген жұмысшылар;

9) уақытша жұмыста жоқ жұмысшылардың (ауырғанына, жүктілігі және босануы бойынша демалыста, сәбиге күтім жасау бойынша демалыста) орнына қабылданғандар;

10) ұйымда өндірістік практика өткізіп жүрген және жұмыс орнына немесе

лауазымға қабылданған, білім беру мекемелерінде оқитын студенттер (оқушылар) ;

11) жоғары оқу орындарының ғылыми-зерттеу секторлары жұмысқа тартқан жоғары оқу орындарының күндізгі бөлім студенттері мен аспиранттары, егер олар штаттық лауазымға қабылданған болса;

12) бірлескен кәсіпорындарда жұмыс істейтін басқа елдердің жұмысшылары мен мамандары, сондай-ақ шетел жұмысшы күштері – республика аумағында еңбек әрекетін жүзеге асыру үшін жұмыс беруші елден тысқары жалдаған шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар.

9. Сондай-ақ тізімдік құрамға ұйымда уақытша жоқ болған жұмысшылар да к і р е д і :

1) ауруына байланысты жұмысқа келмегендер (уақытша еңбекке жарамсыздық қағазына сәйкес жұмысқа шыққанға дейін ауырған бүкіл кезеңіне немесе мүгедектікке шыққанға дейін);

2) мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауға байланысты жұмысқа шықпағандар ;

3) ұзақ мерзімді қызметтік іссапарға жіберілгендер, соның ішінде құрылыс, монтаждау және реттеу жұмыстарын орындау мақсатында жіберілгендер;

4) біліктілігін арттыру немесе қайта даярлау үшін білім беру ұйымдарына немесе білім беру қызметімен айналысуға құқығы бар білім беру ұйымдарына өндірістен қол үзіп жіберілгендер, егер олардың жалақысы сақталатын болса;

5) ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысында, ақы төленетін жыл сайынғы қосымша еңбек демалысында жүргендер;

6) жүктілігі және босануы бойынша, баланы (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыстарда жүргендер;

7) еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша жұмысшылардың өтініші негізінде оған жалақы сақталмайтын демалыста жүрген адамдар;

8) сынақтар мен емтихандарға дайындалу және оларды тапсыру, зертханалық жұмыстарды орындау, дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау мен қорғау үшін оқу демалыстарында жүргендер ;

9) білім беру ұйымдарында оқып жүрген, жалақы сақталмайтын демалыста жүрген адамдар, сондай-ақ білім беру ұйымдарына түсетін және түсу емтихандарын тапсыру үшін еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша қызметкердің өтініші негізінде оған жалақы сақталмайтын демалыста жүрген жұмысшылар ;

10) өндірістің бос тұрып қалуына байланысты жоқ қызметкерлер;

11) жұмыс берушінің қызметкерлер өкілдерімен келісе отырып қабылданған актілерінде бекітілген ауысымдық кестеге сәйкес демалыс күндері бар

ж ұ м ы с ш ы л а р ;

12) демалыс немесе мереке (жұмыс істемейтін) күндеріндегі жұмыс үшін қосымша демалыс күнін алғандар;

13) әкімшілік құқық бұзғаны үшін әкімшілік қамауға алынған жұмысшыларды қоса, себепсіз жұмысқа шықпағандар;

14) сот өкімі шыққанға дейін тергеуде жатқандар.

10. Қызметкерлердің тізімдік құрамына қосылмайтындар:

1) басқа ұйымдардан қоса атқарушылық бойынша жұмысқа қабылданғандар.

Қоса атқарушылық бойынша жұмыс істейтін жұмысшыларға негізгі жұмыс уақытынан бос уақытта еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша басқа тұрақты ақы төленетін жұмыс орындайтындар жатады.

Еңбек қатынастарында тұрған (негізі жұмыс орны бойынша) немесе екі, бір жарым ставкасы бар қоса атқарушылық бойынша жұмыс атқаратын жұмысшылар бір адам (бүтін бірлік) ретінде сол ұйымның жұмысшыларының тізімдік санына қосылады;

2) азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыс істейтін адамдар.

Жұмысты азаматтық-құқықтық шарт бойынша орындайтын адамдарға (яғни ұйымның тізімдік құрамында тұрмайтындарға) ұйымның ішкі тәртібіне бағынбай жүзеге асырылатын, белгілі бір жұмысты (бір жолғы, арнаулы шаруашылық, жұмыстың нақты бір көлемін орындау үшін) орындау мерзіміне ғана шарт бойынша қабылданғандар жатады;

3) басқа ұйымға уақытша жұмысқа жіберілгендер, егер олардың негізгі жұмыс орнындағы жалақысы сақталмайтын болса;

4) білім беру ұйымдарына жұмыстан қол үзіп оқуға жіберілген, жұмыс берушінің қаражаты есебінен стипендия алатындар жұмысшылар;

5) жұмыспен қамту мәселелері бойынша өкілетті органдармен өзара іс-қимыл негізінде ұйымға жұмыс істеу үшін тартылғандар.

6) жалақы алмайтын сол ұйымның меншік иелері.

11. Есепті кезеңнің басына (соңына) жұмысшылардың тізімдік саны ұйымның тізімдік құрамы санының көрсеткіші болып табылады: айдың бірінші немесе соңғы күні, сол күні қабылданғандармен кеткен жұмысшыларды қоспағанда.

12. Белгіленген кезең ішінде жұмысшылардың орташа тізімдік санын анықтау үшін тізімдік құрамдағы жұмысшылар санының күн сайынғы есебі жүргізіледі, ол жұмыс берушінің актілері негізінде нақтыланады (қабылдау, жұмысшыларды басқа жұмысқа ауыстыру және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтар мен өкімдер). Тізімдік құрамдағы қызметкерлердің әр күнгі саны жұмысшылардың жұмыс уақытын пайдалануын есепке алу табелінің деректеріне сәйкес болуы қ а ж е т .

Есепті айдағы жұмысшылардың орташа тізімдік саны мереке (жұмыс

істемейтін) және демалыс күндерін қоса есепті айдың әрбір күнтізбелік күндегі, яғни айдың 1-нен 30 немесе 31 (ақпан айы үшін - 28 немесе 29-ын қоса) күнін қоса, тізімдік құрамның жұмысшылар санын қосу және алынған соманы айдағы күнтізбелік күндер санына бөлу жолымен есептеледі.

Демалыс немесе мереке (жұмыс істемейтін) күнгі тізімдік құрамдағы жұмысшылар саны соның алдындағы жұмыс күнгі жұмысшылардың тізімдік санына тең деп қабылданады. Қатарынан екі немесе одан да көп демалыс немесе мереке (жұмыс істемейтін) күндер болса, осы күндердің әрқайсысындағы тізімдік құрамдағы жұмысшылар саны әлгі демалыс немесе мереке (жұмыс істемейтін) күндердің алдындағы жұмыс күнгі тізімдік құрамдағы жұмысшылар санымен теңдей етіп алынады.

13. Толық ай істемеген ұйымдардағы (пайдалануға жаңадан құрылған, таратылған, өндірістің маусымдық сипаты бар ұйымдардағы) жұмысшылардың орташа тізімдік саны ұйымның есепті айдағы барлық жұмыс күндеріндегі, жұмыс кезеңіндегі демалыс және мереке (жұмыс істемейтін) күндерді қоса, тізімдік құрамдағы жұмысшылар санының қосындысын есепті айдағы күнтізбелік күндердің жалпы санына бөлу жолымен анықталады.

14. Тоқсан ішіндегі жұмысшылардың орташа тізімдік саны ұйымның тоқсандағы жұмыс істеген барлық айларындағы жұмысшылардың орташа тізімдік санын қосу және алынған санды үшке бөлу жолымен анықталады.

15. Жыл басынан бастап есепті айды қоса есептеген кезеңдегі жұмысшылардың орташа тізімдік саны жыл басынан бастап есепті айды қоса есептеген кезеңдегі барлық өткен айлардағы жұмысшылардың орташа айлық санын қосу және жыл басынан бергі кезең ішінде ұйымның жұмыс істеген айларының санына әлгі қосындыны бөлу жолымен анықталады.

16. Жұмысшылардың орташа жылдық тізімдік саны есепті жылдың барлық орташа айларындағы жұмысшылардың орташа санын қосу және алынған қосындыны 12-ге бөлу жолымен анықталады.

17. Егер ұйым толық жыл істемесе (жұмыс сипаты маусымдық немесе пайдалануға есептік жылдың қаңтарынан кейін құрылған), онда жұмысшылардың орташа жылдық тізімдік саны ұйымның жұмыс істеген барлық айларындағы жұмысшылардың орташа тізімдік санын қосып, алынған қосындыны 12-ге бөлу жолымен анықталады.

3. Жұмысшылардың нақты саны

18. Жұмысшылардың нақты санын алу үшін (орташа жалақыны есептеу үшін алынатын) тізімдік құрамдағы жұмысшылар санынан мынадай санаттағы жұмысшылар шығарылып тасталады:

1) жүктілігі және босануы бойынша, баланы (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын еңбек демалыстарында жүргендер ;

2) еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша жұмысшының өтініші негізінде жалақы сақталмайтын демалыста жүрген адамдар;

3) білім беру ұйымдарында оқып жүрген, жалақы сақталмайтын демалыста жүрген адамдар, сондай-ақ білім беру ұйымдарына түсетін және түсу емтихандарын тапсыру үшін еңбек шарты тараптарының келісімі бойынша жұмысшылардың өтініші негізінде оған жалақы сақталмайтын демалыста жүрген жұмысшылар ;

4) соның ішінде құрылыс, монтаждау және реттеу жұмыстарын орындау мақсатында қызметтік ұзақ мерзімге іссапарға жіберілгендер, егер олардың жалақысы сақталмаса ;

19. Қоса атқарушылық бойынша қабылданған не толық емес жұмыс күніне немесе толық емес жұмыс аптасына қабылданған (ауыстырылған) жұмысшылар жұмысшылардың нақты санында есепті саналады және олардың саны есепті айдағы істелген адам-сағатты бір айдағы жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығына бөлу жолымен анықталады ;

20. Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыс істеу үшін ұйымға тартылған жұмысшылардың әрбір күнтізбелік күні бүтін бірлік ретінде есептеледі .

21. Үйде жұмыс істейтін жұмысшылар жұмысшылардың нақты санында әрбір күнтізбелік күні бүтін бірлік ретінде есептеледі .

22. Жұмыспен қамту мәселесі жөнінде уәкілетті органдармен өзара іс-қимыл жасау негізінде ұйымда жұмыс істеу үшін ұйымға тартылған адамдар олардың атқарған жұмысы оларға үшін еңбекақы аудару жүргізілген жағдайда әрбір күнтізбелік күнге бүтін бірлік ретінде жұмысшылардың нақты санында есептеледі .

23. Толық емес ай (тоқсан, жыл) жұмыс істеген ұйымдар бойынша кезең ішінде орташа алғанда нақты санды есептеу тәртібі (орташа жалақыны есептеу үшін қабылданған) осы Нұсқаулықтың 12-17-тармақтарында айтылған, кезең ішіндегі орташа алғанда тізімдік санды есептеу тәртібіне ұқсас.

4. Ұйымның негізгі және қосымша қызметінде жұмыс істейтін персонал

24. Тауарлар мен қызмет көрсету өндірісі процесінде өндірістік бірліктер негізгі, қайталама және қосымша қызмет түрлерін жүзеге асырады.

25. Ұйымның негізгі қызметінде жұмыспен қамтылған қызметкерлерге негізгі өнім (тауарлар немесе қызмет көрсету) және басқа ұйымдарға немесе кәсіпорындарға өткізілуі негізгімен қатар сөзсіз алынатын жанама өнімдер өндірісінде тікелей жұмыспен қамтылған жұмысшылар жатады.

26. Ұйымның қайталама қызметінде жұмыспен қамтылған жұмысшыларға қызметтің басқа (негізгіден басқа) түрлеріне жататын жұмыстарды орындайтын жұмысшылар жатады.

27. Қызметтің көмекші түрін жүзеге асыратын жұмысшы қызметтің негізгі түрін жүргізу үшін жағдайларды қамтамасыз етеді. Қызметтің көмекші түрін жүзеге асыратын жұмысшы ұйымның негізгі қызметінде жұмыспен қамтылған жұмысшылар құрамында есепке алынады.

5. Персоналдың санаты және қызметтердің жіктеуіші

28. Еңбек бойынша статистикалық нысандарда жұмысшылар саны негізгі екі санатқа бөлінеді: жұмысшылар және қызметшілер.

29. Жұмысшыларға материалдық құндылықтарды құру, өнімдер (қызмет, жұмыс) өндіру процесіне тікелей қатысатын, сондай-ақ жөндеу, жүк алып өту, жолаушылар тасымалдау, материалдық қызмет көрсетумен айналысатын адамдар жатады.

30. Қызметшілерге әкімшілік-шаруашылық, басқарушылық, инженерлік-техникалық, экономикалық функцияларын, сондай-ақ құжаттарды рәсімдеумен және дайындаумен, шаруашылық қызмет көрсетулер мен бақылауды қоса, басқа жұмыстармен айналысатын адамдар жатады.

31. Қазақстан Республикасы Мемстандартының 1999 жылғы 16 қазандағы № 22 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы қызметтерінің мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес ұйымдағы барлық жұмыспен қамтылған қызметкерлер келесі негізгі қызмет топтары бойынша жіктеледі (бөлінеді):

1) ұйым басшыларын қоса барлық деңгейдегі билік органдары мен басқармалардың басшылары (өкілдері);

2) біліктілігі жоғары деңгейдегі мамандар;

3) біліктілігі орта деңгейдегі мамандар;

4) ақпараттар дайындаумен, құжаттамаларды ресімдеумен, есеп жүргізу және қызмет көрсетумен айналысатын қызметшілер;

5) қызмет көрсету, коммуналдық қызмет көрсету, сауда саласының және тектес қызметтің осы тектес түрлерінің қызметкерлері;

6) ауыл, орман, аңшылық шаруашылықтарындағы, балық өсіру және балық аулаудағы білікті қызметкерлер;

7) өндірістік кәсіпорындардың, көркем кәсіптердің, құрылыстың, көліктің,

байланыстың, геология мен жер қойнауын барлаудың білікті жұмысшылары;

8) құрылғылар мен машиналардың операторлары, аппаратшылары, машинистер және слесарь-құрастырушылар;

9) біліктілігі жоқ жұмысшылар.

6. Жалақы қоры

32. Ұйымдар еңбек бойынша статистикалық нысанында қызметкерлер еңбегіне ақы төлеу үшін есептелген жалақы қорын көрсетеді.

33. Жалақы қорында ақша да, сондай-ақ ақша бірлігіне ауыстырылған заттай ақы төлеу нысанындағы барлық төлемдер ескеріледі.

34. Төлеу үшін есептелген ақшалай сомалар, жұмысшыларға жұмыс істелмеген уақытқа (жыл сайынғы демалыс, мерекелік күндер) төлеу үшін есептелген ақшалай сомаларды қоса, жұмысшылармен жалақысы бойынша есеп айырысатын төлем құжаттарына сәйкес көрсетіледі. Көрсетілген сомалар «бруттоға» (салықтар мен басқа да ұстап қалуларды есептемегенде) келтіріледі.

35. Ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалыстарына, ақы төленетін жыл сайынғы қосымша еңбек демалыстарына есептелген сомалар осы айдың демалыс күндеріне келетін сомада ғана есепті айда көрсетіледі. Келесі айдағы демалыс күндері үшін есептелетін сома келесі айдың есебіне кіреді. Сонымен бірге сауықтыруға төленетін жәрдемақы бойынша сомалар бөлінбейді және есепті айда толық көлемде көрсетіледі.

36. Ай, тоқсан, жартыжылдық, жылдық жұмыстың қорытындысы бойынша есептелген сыйақылар (тұрақты және мезгілдік сипаттағы) тиісті есепті кезеңде толық көлемде есептеледі.

37. Жалақы қорына қосылатындар:

1) жұмысшыларға орындалған жұмыс немесе жұмыс істелген уақыт үшін тарифтік мөлшерлемелер, лауазымдық айлықақылар, түскен табыстан пайызбен және үлеспен келісімді бағаламалар бойынша ұйымда қабылданған еңбекақы төлеудің нысандары мен жүйелеріне тәуелсіз есептелген жалақы;

2) ынталандыру сипатындағы төлемдер:

тарифтік мөлшерлемелер мен лауазымдық айлықақыларға үстеме ақылар (еңбек сіңірген жылдары, жұмыс өтілі, кәсіби шеберлігі, мемлекеттік тілді білуі, ғылыми дәрежесі, дипломатиялық рангі және тағы басқалар);

сыйлықақылар (олардың төлем көздеріне тәуелсіз тұрақты немесе мерзімді с и п а т т а ғ ы) ;

төлем көздеріне байланысты емес біржолғы сыйлықақылар;

бір жылдық жұмыс қорытындысы бойынша сыйлықақылар;

ұжымдық шартпен немесе жұмыс берушінің актілерімен анықталған басқа да

төлемдер мен көтермелеулер;

3) жұмыс режимі мен еңбек жағдайларына байланысты өтемдік төлемдер: экологиялық апат және радиациялық қатер аймақтарында тұрғаны үшін төлемдер;

еңбек жағдайлары үшін қосымша төлемдер (ең негізгі еңбек жағдайында, сондай-ақ өте ауыр және өте зиянды еңбек жағдайларында жұмыс істегені үшін); түнгі уақытта жұмыс істегені үшін қосымша төлемдер; демалыс және мереке (жұмыс істемейтін) күндеріндегі жұмыстарға ақы төлеу;

жұмыс кезінен тыс уақыттағы жұмысқа ақы төлеу; жер астындағы жұмыстарда ұдайы болатын қызметкерлерге шахтадағы (рудниктегі) оқпаннан жұмыс орнына дейін және кейін қайтатын нормативтік уақыт үшін қосымша төлемдер;

геологиялық барлау, топографиялық-геодезиялық және басқа дала жұмыстарында істейтін қызметкерлерге далалық қаражат; тұрақты жұмысы жол үстінде өтетін немесе жол жүру сипаты бар немесе қызмет көрсету учаскелері шегінде қызметтік жол жүрумен байланысты белгіленген мөлшерде тәуліктік ақының орнына жалақыға қосылатын төлемдер;

жұмыс кестесінде көзделген, вахта кезеңінде жұмысты вахталық әдіспен орындау кезінде жұмыс жүргізу орындарында болған әрбір күнтізбелік күнге, сондай-ақ ұйымның орналасқан жерінен жұмыс істейтін жерге дейінгі жолдағы және кері қайту жолындағы нақты күндерге төленетін үстеме ақылар;

4) жұмыс істелмеген уақытқа ақы төлеу: жыл сайынғы еңбек және қосымша еңбек демалыстарына ақы төлеу, пайдаланылмаған демалыс үшін ақшалай төленетін өтемақы; демалысқа сауықтыру үшін жыл сайынғы жәрдемақы (демалысқа материалдық көмек);

жұмыстағы арнаулы үзілістерге ақы төлеу, жасөспірімдердің жеңілдікті сағаттарына ақы төлеу;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауға тартылған жұмысшылардың жұмыс уақытына ақы төлеу; жұмысшылардың кінәсынан болмаған бос тұрып қалуларға ақы төлеу; амалсыздан жұмыссыз жүрген уақыт үшін ақы төлеу; жұмыс уақытын амалсыздан толық істемеген жұмысшыларға ұйым қаражаты есебінен төленетін сомалар;

білім беру ұйымдарына немесе білім беру қызметімен айналысуға құқығы бар ұйымдарға, өндірістен қол үзіп біліктілігін арттыру және қайта даярлау үшін жіберілген жұмысшыларға негізгі жұмыс орны бойынша есептелген жалақы;

5) төлеу үшін есептелген басқа да ақшалай сомалары: өзінің негізгі жұмысынан босатылмастан қызметтерді қоса атқарғаны (қызмет көрсету аймақтарын кеңейткені) немесе жұмыста уақытша болмаған жұмысшының міндеттерін орындағаны үшін төленетін қосымша ақы сомалары; еңбек міндеттерін орындауға байланысты алған еңбек жарақатынан, кәсіби аурудан немесе денсаулығына өзге де зақым келуден еңбекке жарамдылығын жоғалтқан жағдайларда бұрынғы жалақысы мен жаңа жұмысындағы жалақысының арасындағы айырмашылықты төлеу сомасы; газет, журнал және өзге де бұқаралық ақпарат құралдарының редакциялары қызметкерлерінің тізімдік құрамында тұрған жұмысшыларға төленетін қаламақы; тарифтік мөлшерлемеге (айлықақыға) қосымша төленетіндігіне немесе негізгі ақы төлеу болып табылатындығына байланыссыз пайыздық немесе комиссиялық сыйақылар, атап айтқанда, штаттағы делдалдарға; ұйымда өндірістік практикадан өтіп жүрген және жұмыс орындарына немесе лауазымдарға алынған, білім беру ұйымдарында оқитын студенттердің (оқушылардың) еңбегіне ақы төлеу; жұмыспен қамту мәселесі бойынша уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасасу негізінде ұйымда жұмыс істеу үшін тартылған адамдардың орындаған жұмыстары үшін есептелген сомалар; әскери қызметтегі міндеттерін орындауға байланысты алатын әскери қызметшілер мен ішкі істер органдарының қызметкерлеріне төленетін төлемдердің барлық түрлері; ұйым қызметкерлерінің тізімдік құрамында тұрмайтын, жұмысты (қызмет көрсетуді) азаматтық-құқықтық шарт жасасу бойынша орындайтын адамдардың еңбегіне ақы төлеу. Мұның өзінде бұл жұмысшылардың еңбегіне ақы төлеу қаражатының көлемі осы шарт бойынша жұмысты (қызмет көрсетуді) орындау сметасы төлем құжаттарынан анықталады.

38. Бір жұмысшының орташа айлық атаулы жалақысы жалақының есептелген қорының сомасын жұмысшылардың нақты санына және есепті кезеңдегі айлар санына бөлу жолымен анықталады.

7. Жалақы қорында есептелмейтін жұмыс күшіне жұмсалған шығындар

39. Еңбек бойынша статистикалық нысандарын ұйымдастыруда, сондай-ақ еңбекақы қорында есептелмейтін жұмыс күшін ұстаумен байланысты төлемдер мен шығыстар көрсетіледі.

40. Жұмыс күшіне жұмсалған негізгі шығыстарға қосылатындар: жұмысшыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша ұйымның

шығыстары ;

жұмысшыларды әлеуметтік қорғауға арналған ұйымның шығыстары;
жұмысшыларды кәсіби даярлауға (қызметкерлерді оқытуға) ұйымның
шығыстары ;

мәдени іс-шараларды өткізуге және демалыс пен ойын-сауықты
ұйымдастыруға жұмсалған шығыстар;
жоғарыда келтірілген топтарға жатпайтын жұмыс күшіне ұйымның өзге де
шығыстары ;

жұмыс күшін пайдаланумен байланысты салықтар.

41. Жұмысшыларды тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі ұйымның
шығыстарына мыналар жатады :

жұмысшылардың меншігіне берілген тұрғын үйдің құны;
жұмысшыларға тұрғын үй құрылысына немесе тұрғын үйді сатып алуына
берілетін ақысыз демеуқаржылар, жұмысшыға ұйымның сатқан пәтерлерінің
нарықтық құнымен жұмысшы төлеген соманың арасындағы айырмашылығы;
басқа да шығыстар (жалға беруді қоса), яғни жұмысшылардың шығыстарын
өтеу тәртібінде, (пәтерлік ақы, жатақханадағы орын, жалдау) және коммуналдық
қызметтерге ақы төлеу бойынша ұйыммен төленетін сомалардан тыс шығыстары

42. Жұмысшыларды әлеуметтік қорғауға арналған ұйымның шығыстарына
мыналар жатады :

1) әлеуметтік аударымдар ;

2) жұмысшылардың және олардың отбасы мүшелерін ерікті медициналық
сақтандыру шарты бойынша (болған жағдайда) ұйымның төлейтін сақтандыру
төлемдері (жарналары) ;

3) ұйымның (заңды тұлғаның) таратылуына, жұмыс берушінің (жеке
тұлғаның) қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының
қысқартылуға байланысты еңбек шартын бұзу нәтижесінде оларды шығару (
босату) кезінде жұмысшыларға төленетін өтемақы сомалары;

4) жалпы сырқаттануына, еңбек жарақатына немесе кәсіби ауруына, жүктілігі
мен босануына байланысты еңбекке уақытша жарамсыздығы бойынша жұмыс
берушінің қаражаты есебінен төленетін әлеуметтік жәрдемақылар, сондай-ақ
бала асырап алған адамдарға төленетін әлеуметтік жәрдемақылар;

5) бұл жұмысшының орындаған жұмысына байланысты емес жағдайларда,
жұмысшыға (үйлену тойына, бала туылған кезде, ақылы медициналық операция
жасау үшін, жерлеуге және құжатпен расталған жағдайда жаппай сипаты жоқ
басқа да төлемдер) бір жолғы тәртіппен көрсетілетін материалдық көмек;

6) жұмыс берушінің кінәсінен алған жарақатына немесе денсаулығына өзге де
зақым келсе, келтірілген зиянды өтеуге байланысты жұмысшыға сақтандыру

өтеуі төленбеген жағдайда төленетін төлемақылар;

7) сауықтыру және басқа да іс-шараларды жүргізуге арналған шығыстар (жұмыс берушінің қаражаты есебінен қызметкерлерге денсаулық сақтау қызметтерінің әр түрін көрсететін ұйымдарға ақы төлеу);

8) қызметкерлерді әлеуметтік қорғауға арналған ұйымның басқа да шығыстарына мыналар кіреді:

осы ұйымда жұмыс істемейтін адамдарға (зейнеткерлерге, мүгедектерге, қаза тапқан қызметкерлердің отбасыларына) көрсетілетін материалдық көмек;

жұмыс берушінің қаражаты есебінен ұйымдардың өз жұмысшыларының пайдасы үшін жасасқан жеке басты, мүлікті және өзге де сақтандыру шарттары бойынша төленетін сақтандыру төлемдері (жарналары);
басқа да шығыстар.

43. Жұмысшыларды оқытуға байланысты ұйымның шығыстары (осы Нұсқаулықтың 37-тармағы 4) тармақшасының сегізінші абзацында көрсетілген жалақыға арналған шығыстардан басқа):

кешкі және сырттай білім беру ұйымдарында, аспирантурада сырттай оқитын, сондай-ақ аспирантураға түсетін жұмысшыларға берілетін оқу демалыстарына ақы төлеу;

жұмыс берушінің (ұйымдардың) оқу орындарына оқуға жіберген студенттер мен оқушыларға тараптардың келісімі бойынша ұйымның қаражаты есебінен төленетін стипендиялар;

оқытуға арналған басқа шығыстар (тренинг, білім беру іс-шаралары шығыстарына қосқанда).

44. Мәдени іс-шараларды өткізуге және демалыс пен ойын-сауықты ұйымдастыруға жұмсалған шығыстарға:

мәдени-ағарту іс-шараларын жүргізуге арналған шығыстар;

жұмысшыларға жұмыс берушінің қаражаты есебінен көрсетілетін туризм және демалыс қызметтерінің әр түрін көрсететін ұйымдарға ақы төлеу;

демалыс және ойын-сауықты ұйымдастыру бойынша басқа да шығыстар жатады.

45. Ұйымның бұрын келтірілген жіктелген топтарға жатпайтын, жұмыс күштерін ұстауға арналған басқа шығыстарына:

1) халықаралық немесе шетелдік коммерциялық емес және қайырымдылық ұйымдары берген, грант түрінде алынған сомалар;

2) тараптардың келісімі бойынша ғылым, әдебиет, өнер, өнертабыс шығармаларын жасауға, басуға және өзге де пайдалануға шарт бойынша төленетін авторлық сыйақылар (осы Нұсқаулықтың 37-тармағы 5) тармақшасының төртінші абзацында көрсетілген сомалардан басқа);

3) қызметтік іссапарлар кезіндегі өтемақылар және одан тыс бөлінген сомалар

(іссапарда болған уақыттағы тәуліктік ақыны қоса, тағайындалған жерге дейін бару және қайту шығыстары, тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстар);

4) тараптардың келісімі бойынша жұмысшылардың басқа жердегі жұмысқа ауыстырылуына байланысты шығыстарының өтемақылары;

5) тараптардың келісімі бойынша жұмысшыға жеке автомобилін қызмет мақсатында пайдаланғаны үшін материалдық шығыстардың (еңбек ақының сомаларынсыз) өтемақысы;

6) соның ішінде құрылыс, монтаждау және реттеу жұмыстарын орындау мақсатында қызметтік ұзақ мерзімге іссапарға жіберілген жұмысшылардың және тәуліктік пәтер ақыларының орнына негізгі жұмыс орны бойынша сақталатын орташа жалақысының сомалары;

7) жұмысшыларға берілген арнаулы киім мен аяқ киімнің және басқа жеке қорғану құралдарының, сабын және басқа жуу құралдарының, зарарсыздандыру құралдарының, сүттің және емдеу-профилактикалық тамақтанудың құны немесе ұйым әкімшілігі оларды бермеген жағдайда қызметкерлердің өздері сатып алған арнаулы киім мен аяқ киім және басқа жеке қорғану құралдары үшін шығыстарын өтеуі;

8) жұмысшыларға ақысыз ұсынылған тамақтандыру мен өнімдердің құны немесе оларды ақылы ұсынғандығы үшін ақшалай өтемақының сомасы;

9) ұйымның тамақтандыру құнын (толықтай немесе ішінара) төлеуі, соның ішінде (талондар түрінде асханаларда, буфеттерде);

10) ақысыз берілетін, кейіннен тұрақты жеке пайдалануында қалатын заттардың (арнаулы киімді, киім-кешекті қоса) құны немесе оларды төмендетілген бағамен сатуға байланысты жеңілдіктер сомасы;

11) жұмыс орнына қоғамдық көлікпен, арнаулы бағыттағы көліктермен, ведомстволық көлікпен жүргеніне ақы төлеуі;

12) жұмыс күшіне жұмсалған басқа да шығыстар жатады.

46. Жұмыс күшін пайдаланумен байланысты салықтарға жататындар: әлеуметтік салық;

шетел жұмыс күшін тартумен байланысты шығыстар.

8. Уақыттың күнтізбелік қорын пайдалану

47. Жұмысшылар уақытының күнтізбелік қоры жұмысшылардың жұмыспен өтеген адам-күн (адам-сағат), түрлі себептер бойынша жұмысқа келмеген күндер саны және мереке мен демалыс адам-күн санынан тұрады.

Жұмысшылар уақытының күнтізбелік қорын пайдалану көрсеткіштері жұмысшылардың жұмыс уақытын есепке алу деректері негізінде толтырылады. Сонымен қатар жұмысқа келмеу себебі тиісті құжаттармен расталуы керек.

48. Жұмыспен өтелген адам-күн (адам-сағат) санына кіретіндер:

1) жұмыспен өтелген толық емес жұмыс уақытын қоса алғанда барлық жұмысшылардың нақты жұмыспен өтелген уақыты; үстеме және жұмыспен өтелген мереке (жұмыс) және демалыс (кесте бойынша) күндері;

2) ұйымның жүктелімі бойынша басқа ұйымда жұмыс істейтін қызметкерлердің адам-күн саны;

3) қызметтік іссапарда жүрген қызметкерлердің адам-күні.

49. Азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша ұйымға жұмыс істеу үшін тартылған, толық емес жұмыс аптасына қабылданған адамдар, сондай-ақ қоғамдық бастамаларда жұмыс істейтін адамдардың (жалақы есептелмейтін) жұмыспен өтелген адам-күн және жұмыспен өтелген адам-сағаттың ішінде нақты жұмыспен өтелген уақыты көрсетіледі.

50. Жұмысқа келмеген адам-күн санына кіретіндер:

1) жұмыстың қабылданған режимдері мен кестелерінен тәуелсіз еңбек демалысы күндеріне келетін күнтізбелік күндердегі мереке және демалыс күндерін есептемей ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалыстары (қосымша еңбек демалыстарын қоса отырып); қосымша төленетін жыл сайынғы еңбек демалыстары жұмысшыларға өндірістің, цехтың, кәсіптері мен лауазымдарының тізіміне сәйкес, сондай-ақ ауыр жұмыс, зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті еңбек жағдайындағы жұмыстарда, қосымша ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысы тізбесіне сәйкес есептеледі;

2) сынақтар мен емтихандарға дайындалу және оларды тапсыру, зертханалық жұмыстарды орындау, дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау мен қорғау үшін толық немесе жартылай жалақының сақталуымен оқу демалыстарына жүргендер;

3) ауруға байланысты күндерге төленгені немесе төленбегеніне қарамастан Қазақстан Республикасының заңнамаларымен бекітілген тәртіппен берілген еңбекке жарамсыздығы туралы қағаздарымен рәсімделген ауырған кезеңіндегі тек жұмыс күндерін (демалыс және мерекелік жұмыс емес күндер) қосатын жұмысқа келмеуі;

4) дәлелді себептермен жұмысқа келмеуді қосатын әкімшіліктің рұқсатымен жұмысқа келмеуі;

5) жұмысшылардың тоқтап қалу адам-күнін қосатын өндірістің тоқтауына байланысты жұмысқа келмеу экономикалық, технологиялық, ұйымдастырушылық басқа да өндірістік немесе табиғи сипаттағы бүкіл жұмыс күні (ауысымы) жұмыс істемеу немесе уақытша басқа жұмысқа ауыстырылмады. Өндірістің тоқтап қалуына байланысты жұмысқа келмеуге, кәсіпорында жұмыстың тоқтауына байланысты әкімшіліктің рұқсаты мен жұмысқа шықпаудың адам-күні кіреді;

6) бір немесе одан да көп кезеңде мемлекеттік және қоғамдық міндеттерді

орындаумен байланысты жұмыстан уақытша босатылған жұмысшылардың жұмысқа шықпауы адам-күнін қосатын Қазақстан Республикасы заңнамалармен рұқсат етілген басқа да жұмысқа шықпауы; Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген тәртіппен берілген еңбекке жарамсыздығы туралы қағаздарымен рәсімделген ауру адамды күтімі немесе карантинге байланысты жұмысқа шықпау адам-күні, табиғат апаттарын ауыздықтауға тартылған адам-күні; соттың шешіміне дейін тергеуде болған қызметкерлер; баланы (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты еңбек демалыс күндеріне келетін мереке және демалыс күндерін есепке алмай, күнтізбелік күнге есептелетін демалыс күндері және жүктілік және туу бойынша демалыс қосылады; жүктілігі және босануы бойынша, баланы (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала үш жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жалақы сақталмайтын демалыстағы қызметкерлер; қоғамдық бастамаларда жұмыс істейтін адамдардың (жалақы есептелмейтін) жұмысқа шықпау адам-күні;

7) еңбек тәртібін бұзуға байланысты жұмысқа шықпау жұмысшылардың адам-күнін қосатын бір күннің (жұмыс ауысымы) ішінде қатарынан үш немесе одан да көп сағат дәлелсіз себептермен жұмыста болмауы; әкімшілік құқық бұзғаны үшін әкімшілік қамауға алынған жұмысшылардың жұмысқа шықпау адам-күні, сондай-ақ алкогольдік, нашақорлық, психотропты, уытқұмарлықпен (осыларға ұқсас) (бұның жұмыс уақытының басында, ортасында, соңында болғанына қарамастан) мас болу жағдайында әкімшіліктің жұмысқа жібермеуі;

8) барлық демалыс және мереке күндерін қосатын мереке және демалыс күндерінің саны, сондай-ақ жыл сайынғы еңбек демалыстары кезеңінде келетін мереке және демалыс күндері, ауырған және басқа жұмысқа шықпаған күндер. Үздіксіз өндірістегі немесе өндірістегі өндірістік-техникалық жағдайлар немесе халыққа тұрақты үздіксіз қызмет көрсету салдарынан демалыс күндері жұмысты тоқтату мүмкін емес күндер, жұмыс берушінің жұмысшылар өкілдерімен келісе отырып қабылданған актілерінде бекітілген ауысымдық кестеге сәйкес жұмысшыларға берілген демалыс адам-күн қосылады.

9. Жұмыс күшінің қозғалысы

51. Жұмысқа қабылданған адамдар санына есепті кезеңде осы ұйымға жұмысқа қабылдау туралы бұйрықпен (өкіммен) есепке алынғандар.

52. Жұмыстан шыққандар санына негіздемесіне қарамастан (қызметкердің немесе әкімшіліктің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу, тараптардың келісімі, әскери қызметке шақырылу немесе түсуі, жұмысшылардың келісімі бойынша басқа және тағы басқа ауысуы), бұйрықпен (өкіммен) рәсімделген кету

немесе ауысу, сондай-ақ қаза табуына байланысты шығуы кіреді.

53. Жұмыстан шыққандардың саны келесі шығу себептерге байланысты б ө л і н е д і :

1) персоналдардың санының қысқаруына байланысты және кәсіпорынның ж о й ы л у ы н а б а й л а н ы с т ы ;

2) тұрақтамау себептері бойынша (өз еркімен, жұмысқа себепсіз шықпау);

Өз еркімен жұмыстан шыққан жұмысшылар санына өз бастамасы бойынша еңбек шартын бұзған жұмысшылар жатады. Өз еркімен жұмыстан шыққан жұмысшылар санына сондай-ақ еңбек шартын тараптардың келісімі бойынша б ұ з ғ а н ж ұ м ы с ш ы л а р ж а т а д ы .

3) өзге де себептер .

Олардың қатарына жоғарыда көрсетілген себептерден басқа себеппен шыққан жұмысшылар қосылады. Бұл ауысу тәртібімен шарт мерзімінің бітуі немесе жұмыстың орындалуына байланысты басқа ұйымға ауысқандар, оқуға кетуге, әскери қызметке шақырылу, зейнеткерлікке шығу, ауруы бойынша мүгедектікке өтуге байланысты кеткен жұмысшылар. Басқа себептер бойынша жұмыстан шыққандарға жеткіліксіз біліктіліктің болу себептеріне байланысты атқаратын лауазымына немесе атқаратын қызметіне сәйкес болмау; сынақ мерзімі кезеңінде жұмыста теріс нәтиже көрсеткендер; одан әрі жұмыс істеуге мүмкіндігінен айырылған сот актісіне сәйкес жұмыстан босатылғандар.

10. «Еңбек бойынша есеп» (индексі 1-Е, жылдық мерзімдегі) статистикалық нысанын толтыру

54. Статистикалық нысан есепті жылға толтырылады.

55. 1-бөлімде ұйымда барлық жұмыспен қамтылғандар Қазақстан Республикасы Мемстандартының 1999 жылғы 16 қазандағы № 22 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы қызметтерінің мемлекеттік жіктеуішіне сәйкес келесі негізгі қызмет топтары бойынша бөлінеді.

56. 2-бөлімде негізгі қызметпен қатар барлық іске асыратын қызмет түрлері ж а з ы л а д ы .

57. 4-бөлімнің 5-8-жолдарында егер бір қызметкер есепті жыл ішінде бірнеше рет толық емес жұмыс уақытына ауысса, өндірістің тоқтап қалуына байланысты бір реттен көп уақытша жұмыс істемесе немесе жалақының сақтауынсыз еңбек демалысында болған болса, онда ол есепті жылда бір рет көрсетіледі.

58. 6-бөлімнің 1-14-жолдарында тізімдік құрамның қызметкерлері бойынша м ә л і м е т т е р к ө р с е т і л е д і .

Ескерту: X-бұл позиция толтырылмайды.

59. Арифметика-логикалық бақылау:

1) «Негізгі жұмыс топтары бойынша есепті жылға қызметкерлердің орташа тізімдік саны және жалақы қоры туралы деректер» 1-бөлімінде, «Экономикалық қызмет түрлері бойынша есепті жылға қызметкерлердің орташа тізімдік саны және жалақы қоры туралы деректер» 2-бөлімінде, «Қызметкерлердің санаттары бойынша есепті жылға қызметкерлердің орташа тізімдік саны және жалақы қоры туралы деректер» 3-бөлімінде қарастырылған:

$$7\text{-баған} = 5\text{-баған} * 1000 / (3\text{-баған} * 12) \text{ әр жол үшін}$$

$$8\text{-баған} = 6\text{-баған} * 1000 / (4\text{-баған} * 12) \text{ әр жол үшін}$$

2) 1-бөлім. Негізгі жұмыс топтары бойынша есепті жылға жұмысшылардың орташа тізімдік саны және жалақы қоры туралы деректер:

$$1\text{-жол} = 1\text{-}6 \text{ бағандар бойынша } 2\text{-}10\text{-жолдардың қосындысы}$$

3) 5-бөлім. Есепті жылдың соңындағы жұмысшылардың тізімдік санының құрамы туралы деректер:

$$1\text{-жол} = 2\text{-}6\text{-жолдардың қосындысы}$$

4) 6-бөлім. Жұмысшылардың күнтізбелік уақыт қорын пайдалануы туралы деректер:

$$5\text{-жол} = 6\text{-}10, 12, 13\text{-жолдардың қосындысы}$$

5) 7-бөлім. Жұмысшылардың біліктілігін арттыру және оқытылуы туралы ақпарат (есепті жылға):

$$1\text{-жол} = \text{әр баған үшін } 2, 3\text{-жолдардың қосындысы}$$

6) 8-бөлім. Жұмыс күшінің қозғалысын және бос орындардың бары туралы деректер:

$$1\text{-баған} > \text{немесе} = \text{әрбір жол үшін } 2, 3\text{-бағандардың қосындысы,}$$

$$1\text{-жол} + 2\text{-жол} - 6\text{-жол} = 10\text{-жол әрбір баған бойынша}$$

$$6\text{-жол} = \text{әрбір баған бойынша } 7\text{-}9\text{-жолдардың қосындысы}$$

7) 9-бөлім. Жұмыс күшіне жұмсалған шығындар туралы деректер.

$$1\text{-жол} = 2\text{-жол} + 14\text{-жол}$$

$$2\text{-жол} = 3, 4, 7, 8, 11\text{-жолдардың қосындысы}$$

$$14\text{-жол} = 15, 19, 27, 31, 32, 33\text{-жолдардың қосындысы}$$

$$15\text{-жол} = 16\text{-}18\text{-жолдардың қосындысы}$$

$$19\text{-жол} = 20\text{-}26\text{-жолдардың қосындысы}$$

$$27\text{-жол} = 28\text{-}30\text{-жолдардың қосындысы}$$

$$33\text{-жол} = 34\text{-}35\text{-жолдардың қосындысы.}$$

Бөлімдер арасы:

$$1\text{-бөлімнің } 1\text{-жолы} = 2\text{-бөлімнің } 1\text{-жолы} = 3\text{-бөлімнің } 1\text{-жолы}$$

$$1\text{-бөлімнің } 5\text{-бағаны } 1\text{-жолы} = 9\text{-бөлімнің } 2\text{-жолы}$$

$$8\text{-бөлімнің } 1\text{-бағаны } 10\text{-жолы} = 5\text{-бөлімнің } 1\text{-жолы.}$$

Қазақстан

Республикасы

Статистика

агенттігі

төрағасы

11	150001-ден 1800 00 теңгеге дейін от 150001 до 180000 тенге				
12	180001-ден 210000 теңгеге дейін от 180001 до 210000 тенге				
13	210001-ден 240000 теңгеге дейін от 210001 до 240000 тенге				
14	240001-ден 270000 теңгеге дейін от 240001 до 270000 тенге				
15	270001-ден 300000 теңгеге дейін от 270001 до 300000 тенге				
16	300001-ден 330000 теңгеге дейін от 300001 до 330000 тенге				
17	330001-ден 360000 теңгеге дейін от 330001 до 360000 тенге				
18	360001-ден 390000 теңгеге дейін от 360001 до 390000 тенге				
19	390000 теңгеден астам свыше 390000 тенге				
20	Барлық қызметкерлер, адам Всего работников, человек				

А т а у ы

М е к е н - ж а й ы

Наименование _____ Адрес _____

Тел.: _____

_____ **Электрондық почта мекен-жайы**

Адрес электронной почты _____

Орындаушының аты-жөні және телефоны

Фамилия и телефон исполнителя _____ Тел. _____

Басшы (Аты-жөні, тегі, қолы)

Руководитель _____ (Ф.И.О., подпись) _____

Бас бухгалтер (Аты-жөні, тегі, қолы)

Главный бухгалтер _____ (Ф.И.О., подпись) _____

М . О .

М.П.

Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігі төрағасы

міндетін атқарушының

2010 жылғы 24 тамыздағы

«Қызметкерлер санын есептелген жалақы мөлшері бойынша бөлу туралы» жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (коды 1701111, индексі 1-Е (Ж), кезеңділігі екі жылда бір рет)

1. Осы нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Қызметкерлер санын есептелген жалақы мөлшері бойынша бөлу туралы» жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (коды 1701111, индексі 1-Е (Ж), кезеңділігі екі жылда бір рет) толтыру тәртібін нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толығымен толтыруға қолданылады :

1) есепті айдағы есептелген жалақының мөлшері - жалақы қорының құрамына кіретін жұмыс атқарған уақытпен байланысты есептелген, сондай-ақ жұмыс атқармаған, бірақ нақты төленгеніне немесе төленбегеніне қарамастан жалақысы сақталатын уақыт үшін қызметкерге есептелген сомалар қосылады. Есептелген жалақыдан ұсталатын салықтар және басқа да міндетті төлемдер алынып тасталмайды.

2) есепті айда толық жұмыс істеген қызметкерлердің тізімдік саны - азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша жұмыстарды орындайтын адамдардан басқа еңбек шарты бойынша, оның жасалу мерзіміне қарамастан жұмысқа қабылданған адамдар саны, сондай-ақ атқарушылық бойынша жұмысқа қабылданғандар, негізінен мына тұлғалар:

есепті айда жұмыс кестесі бойынша белгіленген жұмыс күндерінің немесе сағаттарының санын толық істегендер;

ақы төленген жыл сайынғы еңбек демалысында болғандар (3 тармақтың 12) тармақшасында көрсетілгендерден басқа);

қызмет бабындағы іссапарларда жүргендер, сондай-ақ шетелдерде қызмет бабындағы қысқа мерзімді іссапарларда жүрген қызметкерлерді қоса, егер оларға сол ұйымдағы жалақысы сақталатын болса;

мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындауға байланысты есепті айда жұмысқа шықпағандар;

орынды себептермен жұмысқа шықпай қалғандар және жұмысқа шықпаған күндері үшін айлықақы тарифі (қызметақы) немесе орташа табыс бойынша еңбек ақы алғандар;

айға белгіленген өндірістік тапсырманы орындайтын үйде жұмыс істеушілер.

3. Мынадай қызметкерлер есепке енгізілмейді:

- 1) 1 маусымнан кейін жұмысқа қабылданғандар;
- 2) 30 маусымға дейін жұмыстан босатылғандар;
- 3) өндірістегі бос тұрып қалуға байланысты жалақысы сақталмайтын демалыста жүргендер;
- 4) штат кестесіне сәйкес толық емес ставкада (қызметақыда) жұмыс істейтіндер, сондай-ақ толық емес жұмыс күніне немесе толық емес жұмыс аптасына жұмысқа қабылданғандар (немесе уақытша ауысқандар);
- 5) ұйымда өндірістік практика өткізіп жүрген және жұмыс орнына немесе лауазымға қабылданған білім беру мекемелерінде оқитындар;
- 6) ауруына байланысты жұмысқа келмегендер (еңбекке жарамсыздық қағазына сәйкес жұмысқа шыққанға дейін ауырған бүкіл кезеңіне немесе мүгедектікке шыққанға дейін);
- 7) жүктілігі және босануы бойынша демалыста жүргендер;
- 8) ауыл шаруашылығы және басқа жұмыстарға уақытша жіберілгендер, егер олар кәсіпорыннан (ұйымнан) жалақыны толық емес жартылай алатын болса;
- 9) әкімшілік құқық бұзғаны үшін әкімшілік қамауға алынған қызметкерлерді қоса, қыдырымпаздыққа салынғандар;
- 10) ақы төленбейтін, күні бойы бос тұрып қалуы барлар;
- 11) айлық өндірістік тапсырманы орындамаған кесімді ақы алатын жұмысшылар;
- 12) білім беру ұйымдарында не білім беру қызметімен айналысуға құқығы бар ұйымдарда оқитын (кешкі немесе сырттай) және емтихандар тапсыру, диплом жобасын (жұмысын) дайындау және қорғау, бітіру емтихандарын тапсыру кезеңінде ақы төленетін немесе ақы төленбейтін қосымша демалыста жүрген қызметкерлер, сондай-ақ тиісті білім беру ұйымдарына оқуға түсетін және қызметкердің арызы негізінде тараптардың келісімімен түсу емтихандарын тапсыру үшін жалақысы сақталмайтын демалыста жүргендер;
- 13) шет елде қызмет бабындағы іссапарда болғандар және оларды іссапарға жіберген ұйымнан іссапардың бұл уақыты үшін тарифтік ставканың (қызметақының) тек бөлігін ғана алғандар.

4. Заңды тұлға есепті өзінің тұрған жеріндегі мемлекеттік аумақтық статистика органға басқа облыстар аумағында орналасқан және олардың тұрған жері бойынша тиісті мемлекеттік аумақтық статистика органына есеп беретін заңды тұлғаның құрылымдық және оқшауланған бөлімшелерінің деректерінсіз ұсынады.

5. Осы статистикалық нысан маусым айына есепті кезеңге толтырылады.

Жалақыны есептеу, сыйлықақы және жалақы қорынан төленетін өзге де төлемдер (ақшалай және заттай түрінде) туралы деректерден тұратын, есептеу

және есеп айырысу-төлем, жалақыны есептеу тізімдемелері және өзге де құжаттар нысанды толтырудың негізгі көздері болып табылады.

Егер сыйлықақылар тоқсандағы жұмыс нәтижесі бойынша есептелсе, онда қызметкерлердің маусым айындағы жалақысына осы жылдың II тоқсанындағы жұмыс нәтижесі бойынша есептелген тоқсандық сыйлықақының үштен бірі қ о с ы л а д ы .

Қызметкерлерге сыйлықақылар жарты жыл немесе осыдан ұзақ кезеңдегі жұмыс нәтижесі бойынша есептелген жағдайда, қызметкерлердің маусымдағы жалақысына бұл сыйақылар енгізілмейді.

Бір ұйымда екі және одан да көп лауазымды (кәсіпті) қоса атқарған қызметкер негізгі және қоса атқарған лауазымдары (кәсіптері) бойынша жалақының жалпы сомасын ала отыра, есепте бір рет көрсетіледі.

6. Арифметикалық-логикалық бақылау:

20-жол = әр баған үшін 1-19 жолдардың қосындысы


1, 3 бағандар 2, 4 бағандарға тең

Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігі төрағасы

міндетін атқарушысының

2010 жылғы 24 тамыздағы

№ 229 бұйрығына 9-қосымша

	<p>Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики</p>	<p>Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасы міндетін атқарушысының 2010 жылғы 24 тамыздағы № 229 бұйрығына 9-қосымша</p>
	<p>Жалпы мемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысан Статистическая форма по общегосударственному статистическому наблюдению</p>	<p>Приложение 9 к приказу исполняющего обязанности председателя Агентства Республики Казахстан по статистике от 24 августа 2010 года № 229</p>

<p>Аумақтық органға тапсырылады Представляется территориальному органу</p>	<p>Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, сағат (қажеттісін қоршаңыз) Время, затраченное на заполнение статистической формы, час (нужное обвести)</p>					
<p>Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz сайтынан алуға болады Статистическую форму можно получить на сайте www.stat.gov.kz</p>	1 сағатқа дейін	1-2	2-4	4-8	8-40	40 сағаттан артық
	до 1					более 40

Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына алғашқы статистикалық деректерді уақытылы тапсырмау, дәйекті емес деректерді беру әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.
Несвоевременное представление, предоставление недостоверных первичных статистических данных в

соответствующие органы государственной статистики являются административными правонарушениями и влекут за собой ответственность в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.

Статистикалық нысан коды 1 1 8 1 1 0 4 Код статистической формы 1181104	Зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлердің саны туралы есебі Отчет о численности работников, занятых во вредных и других неблагоприятных условиях труда
1-Е (Еңбек жағдайы) 1-Т (Условия труда)	
Жылдық Годовая	Есепті кезең - - - - жыл Отчетный период [][][][] год
2-ШК «Шағын кәсіпорын қызметі туралы» статистикалық нысаны бойынша есеп беретіндерден басқа, өнеркәсіп, құрылыс, көлік және байланыс, денсаулық сақтау, ғылым саласындағы негізгі қызмет түрлерімен барлық заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері тапсырады. Представляют все юридические лица и (или) их структурные и обособленные подразделения с основным видом деятельности в сфере промышленности, строительства, транспорта и связи, здравоохранения, науки, за исключением отчитывающихся по статистической форме «О деятельности малого предприятия», 2-МП.	
Тапсыру мерзімі - 31 қаңтар. Срок представления – 31 января.	
КҰЖЖ коды Код ОКПО	<input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/>
БСН коды код БИН	<input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/> <input type="text"/>

1. Еңбек жағдайының жай-күйі туралы ақпаратты көрсетіңіз
 Укажите информацию о состоянии условий труда

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Барлық персонал, адам Весь персонал, человек	Соның ішінде: В том числе:	
			ерлер мужчины	әйелдер женщины
А	Б	1	2	3
1	Қызметкерлердің тізімдік саны (баланың күтіміне байланысты қосымша демалыста жүргендерсіз) Списочная численность работников (без находящихся в дополнительном отпуске по уходу за ребенком)			
2	оның ішінде жұмысшылар из нее рабочих			
3	оның ішінде түнгі ауысымда жұмыс істейтін әйелдер из нее женщин, занятых в ночную смену			
4	Зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін қызметкерлердің нақты саны (санитарлық-гигиеналық талаптарға, нормаларға сай келмейтіндер) Фактическая численность работников, занятых во вредных условиях труда (не отвечающих санитарно-гигиеническим требованиям, нормам)			
	оның ішінде келесі қолайсыз факторлар тіркелген жағдайларда жұмыс істейтіндер: из нее, работающих в условиях, где зафиксированы следующие неблагоприятные факторы:			

5	шудың жоғары деңгейі повышенный уровень шума		
6	дірілдің жоғары деңгейі повышенный уровень вибрации		
7	ШМК-дан (шектеулі ұйғарынды концентрациясынан) асатын жұмыс аймағындағы ауаның газдануы мен шаңдануы загазованность и запыленность воздуха рабочей зоны, превышающая ПДК (предельно допустимую концентрацию)		
8	қолайсыз температуралық режим неблагоприятный температурный режим		
9	электрлік, магниттік, электромагниттік толқындардың, радиожилілік кернеулігінің жоғары деңгейі повышенный уровень напряженности электрических, магнитных, электромагнитных волн, радиочастот		
10	лазерлік сәулеленудің жоғары деңгейі повышенный уровень лазерного излучения		
11	ультракүлгін сәулеленудің жоғары деңгейі повышенный уровень ультрафиолетового излучения		
12	радиациялық фактор әсері воздействие радиационного фактора		
13	биологиялық фактор әсері воздействие биологического фактора		
14	Ауыр дене еңбегімен шұғылданатын қызметкерлердің нақты саны Фактическая численность работников, занятых тяжелым физическим трудом		
15	Қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін жабдықтарда жұмыс істейтін қызметкерлердің нақты саны Фактическая численность работников, работающих на оборудовании, не отвечающем требованиям безопасности		

2. Зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істейтін қызметкерлер саны туралы ақпаратты көрсетіңіз

Укажите информацию о численности работников, занятых во вредных и других неблагоприятных условиях труда

Жол коды Код строки	Көрсеткіштердің атауы Наименование показателей	Барлық персонал, адам Весь персонал, человек	Оның ішінде, әйелдер Из него женщин
А	Б	1	2
	Зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайларында жұмыс істеген қызметкерлердің тізімдік санына белгіленген: Списочная численность работников, которым за работу во вредных и других неблагоприятных условиях труда установлены:		
1	қосымша демалыс дополнительные отпуска		

2	қысқартылған жұмыс күні сокращенный рабочий день		
3	тегін емдеу-алдын-алу тағамы бесплатное лечебно-профилактическое питание		
4	сүт және басқа да оған теңдес өнімдерді тегін алу бесплатное получение молока и других равноценных продуктов		
5	зиянды және басқа да қолайсыз еңбек жағдайлары үшін үстеме ақы доплаты за вредные и другие неблагоприятные условия труда		
6	жеңілдіктер жағдайындағы мемлекеттік арнаулы жәрдемақыға құқық (№ 1 тізім, № 2 тізім бойынша) право на государственное специальное пособие на льготных условиях (по списку №1, списку №2)		
